

Жалғыз акционердің
2017 жылғы «20» желтоқсан
№444 бұйрығымен
«ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БЕКІТІЛГЕН»

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, қалыптастыру тәртібі мен оның органдарының құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерін айқындайды.

2. Қоғам «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамына қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1226 қаулысымен құрылған заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімен, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысына сәйкес акциялардың мемлекеттік пакетін 100 % иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

3. Қоғамның өз атауы көрсетілген мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны және Қоғамды Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2. Қоғамның атауы және орналасқан жері

6. Қоғамның толық атауы:

1) қазақ тілінде: «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Центр развития трудовых ресурсов»;

3) ағылшын тілінде: Joint-stock company «Workforce development center»

7. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) қазақ тілінде: «ЕРДО» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «ЦРТР»;
- 3) ағылшын тілінде: JSC «WDC».

8. Қоғамның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, сол жағалау, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, әкімшілік ғимарат, 6-кіреберіс.

3. Қоғамның жауапкершілігі

9. Қоғам өз мүлкінің шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауаптылықта болады.

10. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оған тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар қаупін көтереді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

11. Қоғам қызметінің негізгі мәні еңбек нарығын реттеуге және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты ақпараттық және талдамалық қолдауды, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органдар мен халықты жұмыспен қамту орталықтарын әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ету болып табылады.

12. Қоғам қызметінің мақсаты тиімді еңбек нарығын дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі жұмыстарға қатысу, халықтың экономикалық белсенділігін арттыру динамикасына, орнықты және нәтижелі жұмыспен қамтуға талдау жасау болып табылады.

Қоғам қызметінің негізгі мәнін іске асыру мақсатында Қоғам мынадай қызметінің түрлерін жүзеге асырады:

1) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:

- еңбек нарығының жай-күйін бағалау, жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың болжамы;

- кадрларға қажеттілікті болжауды ұйымдастыруды және кадрларды кәсіптік даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру бойынша, сондай-ақ қайта даярлау және біліктілікті арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының іске асырылу барысын мониторингтеу, оларды бағалау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- жұмыспен қамту, еңбек көші-қоны және азаматтарды әлеуметтік қолдау мәселелері жөніндегі ведомстволық статистикалық есептілікті жинауды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді;

2) әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйелеріне арналған бағдарламалық-аппараттық құралдардың және байланыс арналарының жұмыс істеуін, мемлекеттік органдардың басқа да ақпараттық жүйелерімен өзара

ісқимылды және ықпалдастықты ұйымдастыруды қоса алғанда, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін қолдауды;

3) Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға әлеуметтік-еңбек саласындағы ақпараттық және консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды;

4) жүйелерді ақпараттық және ғылыми-технологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, есептеу, перифериялық компьютерлік жабдықтарды және әлеуметтік-еңбек саласы объектілері үшін қажетті жабдықтарды жүйелі және техникалық қолдау;

5) жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау проблемалары бойынша ақпаратты жинау және жүйелеу, еңбек нарығында тіркелген адамдар мен мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар бойынша деректер банкін өңдеу, еңбек нарығының кәсіптік құрылымы туралы деректерді қорытындылау;

6) халықты жұмыспен қамту бағдарламасына, Әлеуметтік қорғау және әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйенің дерекқорын қалыптастыруда қажетті мамандықтар мен бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді беруге арналған нысандарды әзірлеуге қатысу;

7) жұмыспен қамту шараларының іске асырылу барысын мониторингілеуді және талдамалық материалдарды дайындауды жүзеге асыру, еңбек нарығындағы жағдай туралы зерттеу және талдау жұмыстарын жүргізу, тиісті әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар әзірлеуге қатысу;

8) демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, аумақтық факторларды ескере отырып, еңбек нарығындағы жағдайға кешенді талдау жүргізу, халықты өнімді жұмыспен қамту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

9) бағдарламалық-аппараттық құралдардың қызмет етуін және әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйелері үшін байланыс арналарын, басқа ақпараттық жүйелермен өзара байланыстыруды және кіріктіруді ұйымдастыру.

Ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарын орындау, әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйелеріне, интернет ресурстарына жөндеу жұмыстарын және жаңғыртуды жүргізу, құру және сүйемелдеу, деректерді өңдеу және сақтау орталықтарын, әлеуметтік-еңбек саласының объектілері үшін мониторинг жүйесін ұйымдастыру;

10) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпараттық-талдау материалдарын, нормативтік-анықтамалық әдебиеттер және басқа да баспасөз өнімдерін, оның ішінде журналдар, газеттер, кітапшалар шығаруды ұйымдастыруға қатысу;

11) қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді әкімшілендіру, жетілдіру, функционалды жақсарту, ведомстволық интернет-ресурсты жаңғырту және техникалық қолдау, азаматтарға бос жұмыс орындары туралы ақпараттың, ал жұмыс берушілерге жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдарда бар жұмыс күшінің нарығы туралы ақпараттың электрондық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін интернет желісінде еңбек нарығының базасын қолдау;

12) ақпараттық және кеңес беру қызметтерін қоса алғанда халыққа және заңды тұлғаларға әлеуметтік-еңбек саласында қызметтер ұсыну мақсатында ақпараттық жүйелердің, IT инфрақұрылымдары мен жабдықтардың қызмет етуін және дамытуды қамтамасыз ету.

13) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелерін, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асырмайтын олардың асырауындағы адамдарды жұмыссыздар ретінде тіркеуді және есептен шығаруды жүзеге асырады.

Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

5. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

13. Жалғыз акционер:

1) Заңмен және Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жалғыз акционер немесе Қоғамның Жарғысымен айқындалған тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінділерді алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

7) оның қызметі туралы Қоғамға жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алуға;

10) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

11) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқылы.

14. Қоғамның жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) он күннің ішінде Қоғамның тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыны Қоғамның акцияларын ұстаушылардың

тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. Қоғамның органдары және оларды құру тәртібі

15. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган – Жалғыз акционер;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Президент;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі болып табылады.

16. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

17. Директорлар кеңесінің құрамы Жалғыз акционердің өкілдерінен, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган өкілінен, Қоғам Президентінен, тәуелсіз директорлардан қалыптастырылады.

18. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кемінде бес адам болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

19. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар, егер Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, шексіз қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін Қоғамның жалғыз акционері белгілейді.

20. Қоғамның жалғыз акционері Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіліктерін өз өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама берудің негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттілігі Директорлар кеңесінің аталған жазбаша хабарламаны алған кезінен бастап тоқтатылады.

21. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

22. Президент Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

7. Жалғыз акционердің құзыреті

23. Қоғамда барлық жай акциялар Жалғыз акционерге тиесілі. Акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционерлердің жалпы жиналысының

құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер жеке қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

24. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

2) Қоғамның жарғысына өзгерістер және толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

3) Қоғамды өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, оның өкілеттілігінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

7) Қоғам Президентін тағайындау және оның өкілеттілік мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату;

8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

10) есептік қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімдер қабылдау және Қоғамның бір жай акциясының есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;

11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

12) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан да көп пайызын құруға сомадағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдауы;

14) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

15) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге беру тәртібін белгілеу;

16) Заңмен және Қоғам Жарғысымен шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

25. Жалғыз акционер мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша шешім қабылданатын:

1) қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

- 2) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;
- 3) жылдық қаржы есептілігін бекіту және Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу;
- 4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 5) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттілік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 6) қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою мәселелерін қоспағанда, акционердің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдайды.

26. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Қоғам Жарғысына қайшы келетін Қоғам өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

8. Директорлар кеңесінің құзыреті

27. Заңмен және Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

28. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шектерінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, олардың орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның даму жоспарын, сондай-ақ қатар Қоғамның бекітілген даму жоспарын түзетуді және Қоғамның даму жоспарының атқарылуы жөніндегі есепті бекіту;
- 6) ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттілік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 7) Президенттің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оған еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;

8) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;

9) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

10) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Президент қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

11) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау мен олар туралы ережелерді бекіту;

12) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

13) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

14) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

15) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

16) Заңмен және Жарғымен көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

9. Қоғамның атқарушы органы (Президент)

29. Президент басқа заңды тұлғаның атқарушы орган басшысының не атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

30. Президент:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімін орындауды ұйымдастырады;

2) Қоғамның қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының қолоданыстағы заңнамасына және Жарғыға сәйкес Қоғам атынан мәмілелер жасасады;

4) үшінші тұлғалармен қатынасқа Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

5) үшінші тұлғалармен, оның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

6) Қоғамның ішкі аудит қызметін және корпоративтік қызметкерді қоспағанда қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің

лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

7) штат кестесін бекітеді;

8) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

9) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды вице-президенттердің біреуіне жүктейді;

10) Өзі және вице-президенттердің, және Қоғамның өзге де қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

11) наразылықтар мен қуынымдарды береді және қол қояды, қуынымдардан бас тартады, қуынымдық талаптарды өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды;

12) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

13) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Өкілдіктердің қызметін үйлестіреді;

15) құзыретінің шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

16) сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысын ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін тікелей жауап береді;

17) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде Қоғамның даму жоспарын әзірлеуді және олардың орындалуы туралы есеп дайындауды қамтамасыз етеді.

18) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10. Ішкі аудит қызметі

31. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады және Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, оның атқарушы органының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органы болып табылады.

32. Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені Директорлар кеңесі бекітеді.

33. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

34. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын Директорлар кеңесі бекітеді.

35. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына және Президент болып сайлана алмайды.

11. Қоғамның лауазымды тұлғалары

36. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері, Президент):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) қоғамның мүлкін пайдаланбауға тиіс әрі оны қоғам жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ оны өз мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдаланбауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде қоғамдағы жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жылдың ішінде сақтауға міндетті.

37. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) ақпараттандырылу, ашықтық негізінде, қоғамның және оның акционерлерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

38. Мына тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды, егер:

1) өтелмеген немесе заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығы болса;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын мерзімде бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төраға), басшының орынбасары, бас бухгалтері болса. Көрсетілген талап банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны еріксіз тарату немесе акцияларын еріксіз сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

12. Қоғам органдарының қызметін ұйымдастыру және шешімдер қабылдау тәртібі

39. Директорлар кеңесі Заңда және осы Жарғыда Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

40. Жарғыға сәйкес Президенттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. Тізбесі Осы Жарғының 28-

тармағында белгіленген мәселелер шешім қабылдау үшін Президентке берілмейді.

41. Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан кем дегенде жартысын құрайды.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

42. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Президенттің бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

43. Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

44. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға құқылы.

45. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган – Президент жүзеге асырады.

46. Президент Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кезкелген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

47. Президент Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

48. Президент Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

13. Жалғыз акционерге және Қоғамның лауазымды тұлғаларына оның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

49. Қоғам осы тұлғалар немесе Қоғам тіркеушісі ұсынатын мәліметтердің негізінде өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін жүргізеді.

50. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпарат болып табылмайды.

Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді, ол пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға ұсынуға міндетті.

51. Қоғам қолданыстағы заңнамамен белгілеген тәртіппен өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін ұсынуға міндетті.

14. Қоғамның ақпаратты беру тәртібі

52. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты Интернет желісінде Қоғамның «<https://iac.enbek.kz>» интернет-ресурсында жариялайды.

53. Қоғам Заңға және осы Жарғыға сәйкес өзінің қызметі туралы, оның ішінде Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын кезкелген ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

54. Қоғам депозитарийдің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың аффилиирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

55. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған құжаттардың көшірмесін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

56. Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын ақпарат ретінде мыналар танылады:

- 1) Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
- 2) қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы.

Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәмілені жасасу туралы ақпарат мәміленің тараптары, сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс;

- 3) осы қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

- 4) қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде қоғамның қарыз алуы;

- 5) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға қоғамның бұрын алған рұқсаттары қолданысының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

- 6) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

- 7) нәтижесінде баланстық құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

- 8) Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

- 9) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы.

15. Қоғамның мүлкі мен капиталы

57. Қоғамның мүлкі:

- 1) Жалғыз акционер акцияны төлеуге берген мүлік;

- 2) Қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған өзге де мүлік есебінен қалыптасады.

16. Қоғамның бағалы қағаздары

58. Қоғам жай акцияларды шығарады. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

59. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді.

60. Қарапайым акция Жалғыз акционерге оның қарауына енгізілетін шешімдерді қабылдауға, Жалғыз акционердің тиісті шешімдерінің негізінде Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алуға, сондай-ақ Қоғамды таратқан кезде оның мүлкінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен алуға құқық береді.

61. Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

62. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастырады.

63. Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеу Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

64. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді онымен жасалған шарт негізінде Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі жүзеге асырады. Қоғам сатып алған өзінің акциялары туралы мәліметтер бағалы қағаздардың тізілімдер жүйесіне міндетті түрде қосуы тиіс.

Жалғыз акционердің қол қойылған және толық төленген акцияға құқығын растайтын құжат ретінде акциялар ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен үзінді қызмет етеді.

65. Акцияларды шығарудың, қозғалысының және есебінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген басқа мәселелерін Жалғыз акционер оларды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шығарғаны туралы шешім қабылдаған кезде айқындайды.

17. Қоғамды қаржыландыру және кірісі

66. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген тәртіпте, оның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді.

67. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасымен

белгіленген тәртіпте және көрсетілген мөлшерлерде Жалғыз акционер қабылдайды.

Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер, сот немесе Жалғыз акционер оны тарату жөнінде шешім қабылдаса дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

68. Мына жағдайларда:

1) Қоғамның өз капиталының теріс мөлшері немесе егер өз капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

18. Қоғамның есебі, есептілігі және аудит

69. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржы есептілігін құру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы заңнамасына және Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

70. Президент жыл сайын аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңнамаларына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті жыл сайын талқылау және бекіту үшін Қоғамның жалғыз акционеріне табыс етеді. Қаржылық есептіліктен басқа, Президент Жалғыз акционерге аудиторлық есеп береді.

Жылдық қаржылық есептілік, оны Жалғыз акционердің қарауына енгізгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей Қоғам Директорлары кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады. Қоғамның жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

71. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті оны Жалғыз акционер бекіткеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

72. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

73. Қоғамға аудит директорлар кеңесінің, Президенттің бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Президент қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.

19. Қоғамның құжаттары

74. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттары Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Қоғамның орналасқан жерінде сақтауға тиіс.

Мына құжаттар:

- 1) Қоғамның осы Жарғысы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) Жалғыз акционер шешімінің және оған тиісті материалдардың көшірмелері;
- 3) Қоғамның белгілі бір қызметтің түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-қимыл жасауына рұқсаттар;
- 4) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
- 6) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;
- 7) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 8) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
- 9) Президенттің актілері;
- 10) Корпоративтік басқару кодексі сақталуға тиіс.

Өзге құжаттар, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамысына сәйкес белгіленген мерзімнің ішінде сақталады.

20. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

75. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы және атауын өзгерту туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

76. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттеледі.

21. Қорытынды ережелер

77. Қоғам өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

78. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының
президенті**

Д. Арғындықов

**«УТВЕРЖДЕН В НОВОЙ
РЕДАКЦИИ»
приказом Единственного акционера
от 20 декабря 2017 года № 444**

**У С Т А В
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ»**

город Астана, 2017 год

1. Общие положения

1. Настоящий устав акционерного общества «Центр развития трудовых ресурсов» (далее – Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Общество является юридическим лицом, созданным постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 октября 2011 года № 1226 «О реорганизации Республиканского государственного казенного предприятия «Информационно-аналитический центр по проблемам занятости Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан» в акционерное общество «Информационно-аналитический центр по проблемам занятости», имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2017 года № 81 «Некоторые вопросы Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан», государственным органом, осуществляющим права владения и пользования 100% государственным пакетом акций Общества, является Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан (далее - Единственный акционер).

3. Общество имеет печать, бланки с указанием наименования Общества и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

4. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон), Законом Республики Казахстан «О занятости населения», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом и Кодексом корпоративного управления Общества.

